

## Мемлекеттік мүлікті берудің мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1695 Қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

### Қ А У Л Ы

### Е Т Е Д І :

1. Мынадай республикалық мүлік:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес «Қорқыт Ата» әуежайының (Қызылорда қаласы) ұшу-қону жолағын қайта жаңарту объектілері, құрылыс-монтаж жұмыстары және республикалық бюджет қаражаты есебінен сатып алынған арнайы техника – «Қорқыт Ата» әуежайы» акционерлік қоғамының;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес «Қорқыт Ата» әуежайының (Қызылорда қаласы) ұшу-қону жолағын қайта жаңарту нәтижесінде орнатылған метеожабдық – «Қазаэросервис» акционерлік қоғамының орналастырылатын акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен, «Қорқыт ата» әуежайы», «Қазаэросервис» акционерлік қоғамдарымен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2011 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 1695 қаулысына

1-қосымша

**«Қорқыт Ата» әуежайы» акционерлік қоғамының орналастырылатын**

**акцияларын төлеуге берілетін «Қорқыт Ата» әуежайында**

**(Қызылорда қаласы) жабдықтар, құрылыс-монтаж жұмыстары және арнайы**

**техникалар тізбесі**

№	Республикалық мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4



**«Қазаэросервис» акционерлік қоғамының орналастырылатын  
акцияларын төлеуге берілетін «Қорқыт Ата» әуежайында  
(Қызылорда қаласы) орнатылған метеожабдықтардың  
тізбесі**

№	Республикалық мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1	WT501 негізіндегі метеоалаң	жиынтық	1
2	QLI50 негізіндегі метеоалаң	жиынтық	1
3	CL31 бұлттылықтың төменгі шекарасының биіктігін өлшеу	жиынтық	1
4	LT31-ҰҚЖ ДВ жүйесі	жиынтық	1
5	TSS928 найзағай датчигі	жиынтық	1
6	Техникалық құралдар. Орталық жүйе	жиынтық	1
7	КРАМС-4 арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету	жиынтық	1
8	«Метеодисплей» жүйесі	жиынтық	1
9	Брифинг жұмыс станциясы	жиынтық	1
10	Синоптик жұмыс станциясы	жиынтық	1
11	Байланысшының жұмыс станциясы	жиынтық	1
12	Құжаттама	жиынтық	2